

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

**ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ
АШЫҚ САБАҚТАРЫН ЖӘНЕ САБАҚТАРҒА ӨЗАРА ҚАТЫСУЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ, МАЗМҰНЫ МЕН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі
		26 беттің 2-ші беті

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Оқу-әдістемелік бөлімі
2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» маусым 2026 жылы № 12 хаттама № 3 баспа
3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ 2023 жылғы «30» қарашадағы № 2 редакцияның орнына
4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	26 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
3. ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР.....	5
4. ПОҚ-ТЫҢ АШЫҚ САБАҚТАРЫ МЕН ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	5
5. АШЫҚ САБАҚТАР МЕН ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУЛАРДЫ ЖОСПАРЛАУ.....	6
6. ПОҚ-ТЫҢ АШЫҚ САБАҚТАРЫ МЕН ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУЛАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ.....	9
7. ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	10
8. АШЫҚ САБАҚТАР МЕН КӨРСЕТІЛІМ САБАҚТАРЫНЫҢ (ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАРЫНЫҢ) НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ.....	12
9. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	14
10. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	14
11. КЕЛІСУ, САҚТАУ.....	15
12. ҚОСЫМША 1. АШЫҚ САБАҚ КЕСТЕСІН ТОЛТЫРУ ҮЛГІСІ.....	16
13. ҚОСЫМША 2. АШЫҚ САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ НЫСАНЫ.....	17
14. ҚОСЫМША 3. АШЫҚ САБАҚТЫ ӨТКІЗУ САПАСЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ НЫСАНЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	18
15. ҚОСЫМША 4. АШЫҚ САБАҚҚА ҚАТЫСУ ХАТТАМАСЫНЫҢ НЫСАНЫ.....	22
16. ҚОСЫМША 5. ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУ ЖУРНАЛЫН ТОЛТЫРУ БОЙЫНША ЖАДЫНАМА.....	23
17. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ.....	25
18. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	26

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 4-ші беті

«Бекітілді»

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
«30» маусым 2026 жыл № 12 хаттама
Ғылыми кеңес төрағасы
А. Жудебаев



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі – Академия) профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) ашық сабақтарын және өзара сабаққа қатысуларын (бұдан әрі – өзара сабаққа қатысулар) ұйымдастыру, мазмұны мен өткізу тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша ашық сабақтарды ұйымдастыруға, олардың мазмұны мен өткізілуіне қойылатын жалпы талаптарды айқындайды, сондай-ақ Академияның профессор-оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуларын ұйымдастыру, өткізу, талдау және олардың нәтижелерін рәсімдеу тәртібін белгілейді.
2. Ереже оқу процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, сондай-ақ ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысуды өткізуге қатысатын Академияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен профессор-оқытушылар құрамы үшін міндетті болып табылады.
3. Ереже Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ішкі нормативтік құжаты болып табылады және Академияның білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету мен стратегиялық жоспарлау құжаттары жүйесіне кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4. Ереже негізінде әзірленді:
 - 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
 - 2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
 - 3) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

- 4) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- 5) Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2025 жылғы 27 қарашадағы Ғылыми кеңестің № 4 хаттамасымен бекітілген Академиялық саясаты;
- 6) 2023 жылғы 30 қарашадағы Ғылыми кеңестің № 4 хаттамасымен бекітілген Сапаны қамтамасыз ету саясаты.

3. ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

5. Ережеде келесідей қысқартулар қолданылады:
- Академия – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
- ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы
- АС – Ашық сабақтар
- ОЖН – Оқытудың жоспарланған нәтижелері
- ПОӘК – Пәннің оқу-әдістемелік кешені
- БАӨЖ – Білім алушының өзіндік жұмысы
- БАОӨЖ – Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы
- АМЖҚ – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет
- ОӘБ – Оқу-әдістемелік бөлім

4. ПОҚ-ТЫҢ АШЫҚ САБАҚТАРЫ МЕН ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6. Профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысулары оқу процесінің сапасы мен ПОҚ-тың педагогикалық шеберлігін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату, оқытушылардың ғылыми-педагогикалық шеберлік деңгейін, қолданылатын білім беру технологиялары мен оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау, сондай-ақ жас оқытушыларға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету мақсатында өткізіледі.
7. ПОҚ сабақтарына ашық сабақтар мен өзара сабақтарға қатысудың міндеттері әдістемелік көмекті уақтылы көрсету, озық педагогикалық тәжірибемен алмасу, білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын бақылау, сондай-ақ оқытушының кәсіби шеберлік деңгейінің оның біліктілігіне сәйкестігін бағалау болып табылады.
8. Ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу оқытушы мен кафедраның оқу-әдістемелік жұмысының міндетті құрамдас бөлігі, педагогикалық шеберлікті жетілдіру формасы, сондай-ақ пәндер мазмұнының, білім беру процесі сапасының, оқу процесін ұйымдастырудың және ПОҚ-тың әдістемелік

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	26 беттің 6-ші беті

жұмысының кафедраішілік және ЖОО ішілік бақылау нысандарының бірі болып табылады.

9. Ашық сабақтар оқу жұмысының жаңа әдістемелік тәсілдері мен нысандарын сынақтан өткізуге бағытталған және әріптестер мен тәжірибелі педагогтардан білікті ұсыныстар алу мақсатында өткізіледі. Олар педагогикалық инновацияларды қолданудың жинақталған оң тәжірибесін жинақтауға және ұсынуға, сондай-ақ заманауи ақпараттық технологиялар мен оқытудың өзге де құралдарын тиімді пайдалануға бағытталған.

10. Өзара сабаққа қатысу кафедра ПОҚ-тың оқыту тәжірибесімен алмасу, сондай-ақ оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу әдістемесін жетілдіру бойынша өзара әдістемелік көмек көрсету міндетін орындайды.

11. Ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысуды ұйымдастыру мен өткізуге тікелей басшылықты кафедра меңгерушісі жүзеге асырады. Жалпы басшылық пен үйлестіру АМЖҚ басшысы және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі жүзеге асырады.

5. АШЫҚ САБАҚТАР МЕН ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУЛАРДЫ ЖОСПАРЛАУ

12. Ашық сабақтар мен өзара сабақтар оқу процесін жетілдіру және білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын арттыру жөніндегі мақсатты қызметтің нәтижесі болып табылады және оқу-әдістемелік жұмыс бөліміне оқытушының жеке жоспарына енгізіледі. Ашық сабақтар білім берудің барлық деңгейлерінде: бакалавриатта, магистратурада және докторантурада өткізіледі.

13. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі **үш жылдан кем**, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурсқа қатысатын оқытушылар **міндетті түрде ашық сабақ өткізеді**. Қалған оқытушылар үшін педагогикалық тәжірибені ұсыну және тарату нысандары (ашық сабақтар, шеберлік сыныптары, ашық дәрістер, шығармашылық көрсетілімдер және басқа да оқу-әдістемелік іс-шаралар), сондай-ақ оларды өткізу кестесі кафедрамен айқындалып, кафедраның оқу-әдістемелік жұмыс жоспарына енгізіледі.

14. Кафедра меңгерушісі жыл сайын тамыз және қаңтар айларында тиісті нысан бойынша академиялық кезеңге (семестрге) арналған ПОҚ сабақтарына өзара қатысу кестесін және ашық сабақтар кестесін әзірлейді. Ашық сабақтарды өткізу кестесіне кафедра меңгерушісі және факультет деканы бұрыштама қояды. Факультет маманы кафедралардан келіп түскен деректер негізінде факультет бойынша ашық сабақтардың жиынтық кестесін қалыптастырады. Ашық сабақ кестесін толтыру үлгісі қосымша 1-де

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 7-ші беті

көрсетілген. Өзара сабаққа қатысу кестелері кафедра отырысының шешімімен бекітіледі.

15. Өзара сабаққа қатысу жоспарының орындалуы кафедрада жүргізілетін өзара сабаққа қатысу журналында тіркеледі. Журналда оқытушылардың қатысқан сабақтары туралы жазбалар және сабақтың өту барысы мен нәтижелеріне міндетті түрде жүргізілген талдау қамтылады.

16. Өзара сабаққа қатысу журналының бірінші бетінде кафедра меңгерушісі бекіткен семестрге арналған өзара сабаққа қатысу кестесі орналастырылады. Журналдың беттері ретімен нөмірленеді және оны әрбір оқытушы өз қолымен толтырады.

17. Ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысуды бөлу кезінде кафедра меңгерушісі оларды бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері арасында академиялық кезеңге арналған кафедраның оқу жүктемесіндегі бакалавриат, магистратура және докторантура пәндерінің санына сәйкес пропорционалды түрде бөлуді қамтамасыз етеді.

18. Қыркүйек айында, қысқы демалыстан кейінгі бірінші аптада, сондай-ақ білім алушылар үшін бейімделу кезеңдері болып табылатын жазғы семестрдің бірінші аптасында ашық сабақтар мен сабақтарға өзара қатысуды жоспарлауға жол берілмейді.

Ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу аралық бақылау кезеңінде, емтихан сессиялары кезінде, сондай-ақ мереке және демалыс күндері өткізілмейді.

19. Кафедра меңгерушісі мен факультет деканы бұрыштама қойған ашық сабақтарды өткізу кестелері әр семестр басталғаннан кейін бір апта ішінде Академияның ОӘБ-не және ғылыми кадрларды даярлау бөліміне ұсынылады.

20. Кафедралар ұсынған кестелер негізінде оқу-әдістемелік бөлім бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша ашық сабақтарды өткізудің жиынтық кестесін, ал ғылыми кадрларды даярлау бөлімі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша жиынтық кестені қалыптастырады.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша ашық сабақтарды өткізудің жиынтық кестесі кафедра меңгерушілері мен факультет декандары тарапынан келісіледі және оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың бекітуіне ұсынылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша ашық сабақтар өткізудің жиынтық кестесі белгіленген тәртіппен келісіледі және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі Ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға бекітуге ұсынады.

21. Ашық сабақтарды өткізу кестесінде оқытушы туралы мәліметтер, ашық сабақ өткізілетін пәннің атауы, сондай-ақ сабақтың тақырыбы көрсетіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	26 беттің 8-ші беті

22. Ашық сабақтар бекітілген кестеге сәйкес қатаң түрде өткізіледі. Ашық сабақты өткізу күнін және (немесе) уақытын өзгертуге кейіннен қызмет бағыты бойынша тиісті проректордың қарауымен және бекітуімен кафедра меңгерушісі және факультет деканы келіскен оқытушының қызметтік жазбасы негізінде ерекше жағдайларда жол беріледі.

23. Ашық сабақты өткізу күнін және (немесе) уақытын өзгертуге рұқсат оны өткізудің жаңа күніне дейін бір аптадан кешіктірілмей алынуға тиіс. Ашық сабақты өткізу күнін және (немесе) уақытын өзгертуге тиісті рұқсат болған жағдайда ғана жол беріледі. Енгізілген өзгерістер туралы оқытушы барлық қолжетімді ақпарат арналары арқылы профессор-оқытушылар құрамын, Академия әкімшілігін, оқу-әдістемелік бөлімін, ғылыми кадрларды даярлау бөлімін және өзге де мүдделі тұлғаларды уақтылы хабардар етеді.

24. Оқытушы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бірнеше деңгейінде пәндер жүргізген жағдайда, ашық сабақ өткізілетін білім беру бағдарламасының деңгейі кафедрамен келісу арқылы оқытушының өзі айқындайды.

25. Магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларында профессор-оқытушылар құрамының ашық сабақтарын білім алушылардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, шеберлік сыныптары, талдамалық дәрістер, шығармашылық көрсетілімдер, концерттер және оқу-әдістемелік жұмыстың өзге де белсенді нысандары түрінде жылына кемінде бір рет өткізу ұсынылады. Оқытушының бастамасы бойынша ашық сабақ ретінде дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, жеке және топтық сабақтарды қоса алғанда, оқу сабақтарының кез келген түрі ұсынылуы мүмкін.

Ашық сабақты өткізу үшін сабақтың кеңейтілген жоспарының (2-қосымша) және пән силлабусының болуы міндетті болып табылады.

26. Ашық сабақтарға кафедра оқытушылары, академия басшылығы, білім алушылардың ата-аналары, сондай-ақ осыған ұқсас білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа жоғары оқу орындарының оқытушылары шақырылады. Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасына мүдделі жұмыс берушілер, кәсіби одақтар, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуы ұсынылады. Ашық сабақтарға кафедра және факультет оқытушылары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің өкілдері, сондай-ақ оқу процесіне тартылмаған, бірақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамы міндетті түрде қатысады.

27. Ашық сабақ өткізілетіні туралы оқытушы сабақ өткізілетін күннен кемінде бір апта бұрын барлық қолжетімді ақпарат тарату арналары арқылы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 9-ші беті

шақырылған тұлғаларды хабардар етеді. Ол үшін оқытушы туралы мәліметтерді, сабақ өткізілетін білім беру бағдарламасы мен пән туралы ақпаратты, тақырыбы мен оны ашудың негізгі әдістері көрсетілген сабақ аннотациясын, сондай-ақ сабақтың өткізілу уақыты мен орны туралы мәліметтерді қамтитын хабарландыру дайындалады.

Хабарландыру мен шақырулар Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ресми сайтында, LSM «Moodle» жүйесінде («Хабарландырулар» бөлімі), Академияның ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылуы мүмкін. 28. Кафедраның теріс қорытындысын алған және ашық сабақ белгіленген сапа критерийлеріне сәйкес келмеген жағдайда, оқытушыға кафедраның шешімі бойынша қайта ашық сабақ өткізу мүмкіндігі беріледі.

6. ПОҚ-ТЫҢ АШЫҚ САБАҚТАРЫ МЕН ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУЛАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

29. Ашық сабақ іскерлік және өзара сыйластыққа негізделген, қолайлы жағдайда өткізіледі. Сабаққа қатысушыларға танысу мақсатында сабақтың кеңейтілген жоспары, пән силлабусы, сондай-ақ қажет болған жағдайда сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық материалдардың көшірмелері ұсынылады.

Ашық сабақтың дайындық деңгейін сипаттайтын негізгі құжат - **сабақты өткізу жоспары** болып табылады, онда мыналар көрсетіледі:

- сабақтың түрі;
- сабақтың тақырыбы;
- өткізу мерзімі мен орны;
- қатысушылар (курс, топ);
- сабақтың мақсаты мен міндеттері;
- тақырыптың ғылыми-әдістемелік негіздемесі көрсетілген мазмұны;
- қажетті жабдықтар;
- күтілетін нәтижелер.

Көрсетілімдік сабақтың (шеберлік сыныбының) үлгілік жоспары мыналарды қамтиды:

- мақсатты бағдарлар мен сабақтың жалпы мазмұнын қамтитын кіріспе бөлім;
- негізгі теориялық бөлім;
- негізгі әдістемелік тәсілдерді түсіндірумен қатар жүретін түсіндірме (пікір) бөлім;
- шеберлік сыныпқа қатысушылардың сабақтарын талқылау;
- жетекшінің қорытындылау бөлімі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 10-ші беті

30. Барлық шақырылған қатысушылар педагогикалық әдепті сақтауға, сабақ барысына араласпауға, оқытушыны бөлмеуге және білім алушылардың қатысуымен қандай да бір пікір білдіруден бас тартуға міндетті.

31. Шақырылған қатысушылар сабақ барысында оқытушының сабақ мақсаттары мен жоспарланған оқу нәтижелеріне қандай жолмен қол жеткізетінін, оқу бағдарламасының талаптарын қандай әдістемелік тәсілдер мен оқыту құралдары арқылы іске асыратынын, білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін тексеру қандай әдістермен жүзеге асырылатынын, сондай-ақ оқыту мазмұнының талаптарға сәйкестігін және оның білім беру деңгейіне, ғылыми негізділік пен мақсаттылық қағидаттарына сай келуін бақылауы тиіс.

32. Ашық сабақ кафедраның кемінде үш оқытушысы, оның ішінде кафедра меңгерушісі қатысқан жағдайда өткізілді деп есептеледі.

33. Ашық сабақ және өзара сабаққа қатысу сабағы пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспарына және бекітілген сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі. Білім алушыларды, пәнді немесе сабақ тақырыбын ауыстыруға жол берілмейді.

34. Өзара сабаққа қатысу барысында сабақта тек бір ғана сабаққа қатысушы оқытушының болуына рұқсат етіледі. Қатысқан сабаққа талдау жасау нәтижелері оқытушы тарапынан сабаққа өзара қатысу журналында тіркеледі.

35. Жоспарланған өзара сабаққа қатысу өткізілмеген жағдайда, кафедраның өзара сабаққа қатысу журналында оның себебі көрсетіледі және сабаққа қатыса алмаған оқытушы мен сабақты өткізген оқытушының қолдары қойылады. Бұл жағдайда өзге уақыт белгіленіп, жоспардан тыс өзара сабаққа қатысу өткізіледі.

7. ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

36. Барлық сабақ түрлерін бақылау барысында төмендегілер ескерілуі тиіс:

- сабақ мазмұнының (тақырыбы мен оны ашатын мәселелердің) пәннің жұмыс бағдарламасына сәйкестігі;
- сабақтың мақсаты оның мазмұнына және ұйымдастыру кезеңіне сәйкестігі;
- оқытушыда сабақ жоспарының болуы;
- білім алушылардың оқу іс-әрекеті түрлерінің алуан түрлілігі;
- білім алушылармен жұмыс формалары (фронтальды, топтық, жеке);
- оқу материалын дұрыс іріктеу және оның ғылыми негізде баяндалуы;
- сабақ тақырыбы бойынша теориялар мен тұжырымдамаларды қолдану және талдау;
- теорияның практикамен байланысы (білімнің практикалық маңыздылығын ашу және оны қолдану дағдыларын қалыптастыру);

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 11-ші беті

- оқытушының пән бойынша өзінің ғылыми әзірлемелерін қолдануы;
- пәнішілік және пәнаралық байланыстардың қамтамасыз етілуі;
- ақпарат көздерінің әртүрлі түрлеріне (негізгі және қосымша әдебиеттерге, оның ішінде мерзімді басылымдарға) жүгіну;
- оқытудың техникалық құралдары мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдарды пайдалану;
- оқытудың инновациялық әдістерін қолдану;
- сабақ барысында білім алушылардың белсенділігін арттыру, оқытудың сараланған тәсілін қолдану;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру (тақырып, тапсырмалар, әдебиеттер және т.б.);
- білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру;
- сабақ қорытындысын шығару;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейі;
- сабақ барысындағы білім алушылардың тәртібі мен зейіні (шоғырлануы, зейіннің ауысуы, сұрақтардың сипаты және т.б.).

Сабақтың барлық түрлеріне тән жалпы критерийлерден басқа, бағалау кезінде дәріс, практикалық және зертханалық сабақтардың арнайы критерийлерін ескеру қажет.

37. Ашық дәрістің сапасын бағалау критерийлері: дәріс мазмұны, оны өткізу әдістемесі, білім алушылардың жұмысын басқару, оқытушының дәріскерлік шеберлігі және дәрістің нәтижелілігі. Дәріс мазмұны:

- баяндаудың ғылыми негізділігі, дәлелділігі және уәжділігі;
- ақпараттылығы (ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестігі);
- мәселенің тарихын қамту және әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды ұсыну.

Дәріс өткізу әдістемесі:

- инновациялық білім беру технологияларын қолдану;
- сабақ өткізудің сыртқы және ішкі регламентін сақтау (басталуы, аяқталуы, құрылымдалуы);
- дәрістің нақты құрылымы және материалды ұсыну логикасы;
- жаңа терминдер мен ұғымдарды ұсынудың және түсіндірудің қолжетімділігі;
- негізгі идеялар мен қорытындыларды бөліп көрсету;
- материалды бекіту әдістерін қолдану (қайталау, жекелеген мәселелер бойынша қорытындылау және жалпы дәрістер).

38. Практикалық (семинарлық) сабақтарды бағалау критерийлері:

- сабақтың мақсаты: мәселе қою, теориялық материалдың практикамен байланысы және оны кәсіби қызметте қолдану;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 12-ші беті

- сабақты жоспарлау: негізгі сұрақтардың логикалық құрылымы мен бөлінуі;
- семинарды ұйымдастыру: оқытушының пікірталасқа бастамашылық жасау және қолдау, жауаптар мен сөз сөйлеулерге ғылыми талдау жасау, мәселелерді талқылау үшін оқу уақытын ұтымды пайдалану қабілеті;
- сабақты өткізу стилі: білім алушылардың белсенділігі мен қатысу деңгейі, пікірталас пен танымдық қызығушылықтың болуы;
- «оқытушы – білім алушы» өзара әрекет сипаты: сыйластық, талапшылдық, педагогикалық әдеп;
- оқу тобын басқару: білім алушылармен байланыс орнату, оқытушының сенімді мінез-құлқы, белсенді қатысуды қамтамасыз ету;
- педагогикалық ескертулердің сипаты: ғылыми негізділігі, дұрыстығы және жалпылама сипаты;
- білім алушылардың оқу белсенділігі: жазба жүргізудің жүйелілігі, талқылауға қатысуы, семинар жұмысына қатысу дәрежесі.

39. Жеке сабақтарды бағалау критерийлері:

- сабақтың мақсаты: білім алушының дайындық деңгейін ескере отырып, жеке білім беру міндеттерін қою;
- сабақтың мазмұнының пәннің жұмыс бағдарламасына және білім алушының жеке білім беру траекториясына сәйкестігі;
- сабақтың жоспарлануы: жұмыс кезеңдерінің нақты құрылымы мен дәйектілігінің болуы;
- оқытудың жеке бағдарланған әдістерін қолдану;
- білім алушының білім деңгейін, іскерлігі мен дағдыларын есепке алу;
- сабақ барысында білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- «оқытушы – білім алушы» өзара іс-қимылының тиімділігі;
- қойылған мақсаттарға және оқытудың жеке нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі;
- өзіндік оқу, сыни ойлау және кәсіби құзыреттілік дағдыларын дамыту;
- сабақты қорытындылау және одан әрі білім беру міндеттерін анықтау.

8. АШЫҚ САБАҚТАР МЕН КӨРСЕТІЛІМ САБАҚТАРЫНЫҢ (ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАРЫНЫҢ) НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

40. Ашық сабақ аяқталғаннан кейін оны талқылауды бірден өткізу ұсынылады. Талқылау барысында қатысушылар педагогикалық әдепті сақтап, өз пікірлерін сыпайы, құрметті және кәсіби түрде білдіруі қажет.

41. Талқылаудың мақсаты – білім беру бағдарламасының іске асырылу сапасын, таңдалған оқыту әдістерін, құралдарын және инновациялық технологияларды қолданудың орындылығын бағалау, пайдаланылған әдістемелердің теориялық-әдістемелік аспектілерін айқындау, сондай-ақ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 13-ші беті

олардың сабақтың қойылған мақсаттары мен жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу тұрғысынан тиімділігін анықтау болып табылады. Талқылау қорытындысы бойынша қорытынды (3-қосымша) рәсімделеді, онда оң пікірлер, ескертулер және оқыту әдістемесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

42. Ашық сабақты талқылауды кафедра меңгерушісі ұйымдастырады және келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- сабақ өткізген оқытушының сөз сөйлеуі (педагогикалық рефлексия);
- шақырылған қонақтардың сөз сөйлеуі;
- әріптес-оқытушылардың сөз сөйлеуі;
- кафедра меңгерушісінің сөз сөйлеуі;
- Академия басшылығы өкілінің сөз сөйлеуі;
- сабақты өткізген оқытушының қорытынды сөзі.

43. Алғашқы сөз ашық сабақты өткізген оқытушыға беріледі. Оқытушы сабақтың мақсаттары мен жоспарланған оқу нәтижелерін нақты баяндап, оларға қол жеткізу үшін таңдалған әдістер мен құралдардың негіздемесін ұсынуы, сондай-ақ өткізілген сабаққа өзіндік бағалау жасап, оның мазмұны мен пайдаланылған материалдарына сыни талдау жүргізуі тиіс. Оқытушының баяндамасы оның педагогикалық ұстанымын, қолданылған әдістер мен тәсілдердің ерекшеліктерін, сондай-ақ педагогикалық қызметінің негізінде жатқан басты идеяларды түсінуге мүмкіндік беруі қажет.

44. Сөз сөйлеген қатысушылар өткізілген сабақтың артықшылықтары мен кемшіліктеріне жан-жақты талдау жасап, оны дидактикалық қағидаттар мен ғылыми-әдістемелік тәсілдер тұрғысынан бағалауы тиіс. Сонымен қатар, білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейіне, қолданылған әдістер мен құралдардың тиімділігіне, білім алушылардың белсенділік деңгейіне, сондай-ақ белсенді және интерактивті оқыту әдістерін, мультимедиялық құралдарды, көрнекі және дидактикалық материалдарды пайдалану сапасына ерекше назар аударылуы қажет. Талқылау барысында сабақтың ұйымдастырылуы мен мазмұнында орын алған кемшіліктер мен қателіктерді көрсетуге, сондай-ақ оқыту әдістемесін және педагогикалық жұмысты ұйымдастыру жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізуге жол беріледі.

45. Қорытынды сөзді кафедра меңгерушісі немесе факультет деканы, сондай-ақ қажет болған жағдайда Академияның АМЖҚ өкілі және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің өкілі сөйлейді. Олар талқылау қорытындыларын шығарып, анықталған кемшіліктерді атап көрсетеді, оқытушының ғылыми-әдістемелік даярлық деңгейіне, сабақ барысында қолданылған әдістер мен тәсілдерге, сондай-ақ ашық сабақтың мақсаттары мен міндеттерінің ашылу деңгейіне баға береді. Талқылау қорытындысы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 14-ші беті

бойынша ұсынылған педагогикалық тәжірибені пайдаланудың орындылығы туралы қорытынды тұжырымдалады. Бұл ретте қабылданған ескертулер көрсетіліп, қарама-қайшы пікірі бар мәселелер бойынша негізделген ұстаным баяндалуы мүмкін.

46. Ашық сабақты талдау барысында барлық қатысушылар конструктивтілік, педагогикалық этика және кәсіби мәдениет қағидаларын сақтауы тиіс. Талқылау тек әріптестің жұмысын сыни бағалауға ғана емес, сонымен қатар оның тәжірибесін педагогикалық практикада шығармашылық тұрғыдан ұғынуға және пайдалануға бағытталған пікір алмасу мен пікірталас түрінде өткізіледі.

47. Қатысушылар сөз сөйлеп болғаннан кейін, сөз қайтадан ашық сабақты өткізген оқытушыға беріледі. Оқытушы айтылған ескертулердің қайсысын назарға алатынын, қайсысымен келіспейтінін және оның себептерін атап көрсетеді, сондай-ақ қажет болған жағдайда өз ұстанымын дәлелді түрде негіздейді.

48. Ашық сабақтарға қатысу, сондай-ақ сабақтарға өзара қатысу нәтижелері кафедраның жақын арадағы отырысында талқыланады, бұл ретте талқылау қорытындылары кафедра отырысының хаттамасында тіркеледі.

Ашық сабақтың барысы және оны талқылау процесі ашық сабақ хаттамасында (4-қосымша) тіркеледі. Ашық сабақтарға қатысу нәтижелері кафедра меңгерушісі тарапынан «Ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытынды» бланкісінде көрсетіледі.

Ашық сабақ хаттамасының және ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытындының барлық қатысушылар қол қойған түпнұсқалары Академияның оқу-әдістемелік бөлімінде және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінде қағаз түрінде сақталады. Көрсетілген құжаттардың көшірмелері кафедрада сақталады. «Ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытынды» нысаны 3-қосымшада берілген.

49. Кафедра оқытушыларының үздік ашық сабақтары бейнетүсірілімге ұсынылып, кейіннен Академия архивінде сақталады.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК

50. Осы Ереженің орындалуына жергілікті деңгейдегі жауапкершілік білім беру бағдарламаларының басшыларына, АМЖҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына және ғылыми кадрларды даярлау бөліміне жүктеледі. Жалпы жауапкершілік оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорға және ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға жүктеледі.

10. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	26 беттің 15-ші беті

51. Ережеге өзгерістер енгізу ДП-133.025-2017 «Құжаттаманы басқару» құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
52. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу оны әзірлеу, келісу және бекіту сияқты тәртіппен жүзеге асырылады.
53. Осы Ереженің жұмыс данасына өзгерістер енгізуді оқу-әдістемелік бөлімде және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінде іс қағаздарын жүргізуге жауапты адамдар өзгерістер туралы хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.
54. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар олар ауыстырылғанға немесе Ереженің жаңа редакциясы бекітілгенге дейін қолданылады.
55. Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің қызметкері күші жойылған Ереженің түпнұсқасында оны ауыстыру туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, «Күші жойылды» деген белгі қояды. Күші жойылған Ереженің түпнұсқасын белгіленген тәртіппен стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің қызметкері мұрағаттық сақтауға береді.

11. КЕЛІСУ, САҚТАУ

56. Осы Ережені келісуді оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы, АМЖҚ басшысы, Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, сондай-ақ заң бөлімінің басшысы жүзеге асырады. Келісу нәтижелері белгіленген нысан бойынша келісу парағымен ресімделеді, ол құжаттың түпнұсқасымен бірге сақталады.
57. Осы Ереженің бірінші данасы (түпнұсқасы) Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақталады. Осы Ереженің түпнұсқасын Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беру үшін әзірлеуші жауапты болады.
58. Осы Ереженің жұмыс данасы оқу-әдістемелік бөлімде және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінде сақталады, ал электрондық нұсқасы Академияның ресми сайтында орналастырылады.

Оқу-әдістемелік бөлімнің басшысы



А. Вырахманова

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 16-ші беті

Қосымша 1. Ашық сабақ кестесін толтыру үлгісі

«Бекітемін»
Факультет деканы
_____ (Т.А.Ә)
«__» _____ 20__ ж.

Профессор-оқытушылар құрамының ашық сабақтарын өткізу
КЕСТЕСІ

кафедралар _____

№	Т.А.Ә	Күні, уақыты	Мамандану атауы, курсы	Пәннің атауы	Ашық сабақ тақырыбының атауы	Ескерту
1	Ким Т.С.- оқытушы	22.09.2026 ж. 12.00-12.50	Графика, 1 курс	«Шет тілі»	«Mood and feelings. Imperatives, Let's»	ПОҚ байқауы
2						

«Келісілді»
Кафедра меңгерушісі

_____ ТАӘ
(қолы)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	26 беттің 17-ші беті

Қосымша 2. Ашық сабақ жоспарының нысаны

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.87-2026 00.00.2026 ж.
	<u>Ашық сабақ жоспары</u> нормативтік құжаттың түрі	

« _____ » факультеті
« _____ » кафедрасы

Ашық сабақтың жоспары

Педагогтың аты-жөні, қызметі

Пән бойынша жалпы мағлұмат:

Күні _____

Группа _____

Аудитория _____

Студенттер саны: _____ қатысқандар: _____ қатыспағандар: _____

Пәннің атауы: _____

Ашық сабақтың типі _____

Пәннің түрі (дәріс/практикалық/жеке және т.б.) _____

Сабақтың тақырыбы: _____

Сабақтың мақсаты: _____

Тақырып бойынша қалыптасатын
құзыреттілік _____

Тақырып бойынша жоспарланған оқу нәтижелері _____

Сабақтың кезеңдері:

№ п/п	Сабақ кезеңдері	Уақыты, минуты
1	Кіріспе (Ұйымдастырушылық бөлімі)	
2	Негізгі бөлім	
3	Қорытынды бөлімі	
4	Сабақ туралы сараптама	

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	26 беттің 18-ші беті

Қосымша 3. Ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытынды нысаны және бағалау критерийлері.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.88-2026 00.00.2026 ж.
	<u>Ашық сабақ өткізу сапасы туралы қорытынды</u> нормативтік құжаттың түрі	

**ашық сабақ өткізу сапасы туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

оқытушының ТАӘ
Сабақ туралы жалпы мәлімет: Күні _____ Тобы _____ Пәннің атауы _____ Ашық сабақтың түрі (мастер-класс/ашық сабақ) _____ Сабақтың түрі (дәріс/практикалық/жеке сабақ және т.б..) _____ Сабақтың тақырыбы _____ Сабақтың мақсаты _____ Сабақтың міндеттері: _____ _____ _____ Пән бойынша қалыптастырылатын құзыреттер _____ _____ Тақырып бойынша қалыптастырылатын құзыреттер _____ _____ _____ Пән бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері _____ _____ Тақырып бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері _____ _____ _____ _____

ПЕДАГОГТИҢ АШЫҚ САБАҒЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ	+/-
(+ белгісі 1 балға тең)	
Ашық сабақты ұйымдастыру:	6
ашық сабақты өткізу тақырыбының, көлемінің (сағат санының), күні мен уақытының силлабуста ұсынылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкестігі	
сабақтың өз уақытында басталуы мен аяқталуы	
студенттердің сабаққа қатысуы (сабақтағы студенттер саны)	

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	26 беттің 19-ші беті
шақырылғандардың және кафедраның ПОҚ болуы/болмауы (2 адамнан кем емес)		
ашық сабақ материалдарын комиссияға уактылы ұсыну (ашық сабақ басталғанға дейін бір аптадан кешіктірмей).		
пәннің силлабусы мен ашық сабақ жоспарының болуы / болмауы		
Баллдар жиынтығы:		
Сабақтың мазмұны:		9
сабақтың мақсатын тұжырымдау сауаттылығы		
тақырып пен тапсырмалар мазмұнының қойылған мақсатқа, міндеттерге, қалыптастырылатын құзыреттерге және жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестігі		
берілген акпараттың сенімділігі мен танымдылығы, ғылымның қазіргі жағдайына сәйкестігі		
сабаққа қызықты материалдарды (иллюстрациялық, көрнекі, үлестірмелі және т. б. материалдар) іріктеу және дайындау		
тапсырмаларда пәнішілік және пәнаралық байланыстардың көрініс табуы		
зерттелетін материал көлемінің қол жетімділігі мен оңтайлылығы		
сабақ құрылымының болуы және уақыт өте келе құрылымдық компоненттерді оңтайлы бөлу (ұйымдастырушылық бөлім, Негізгі бөлім, материалды бекіту, үй тапсырмаларын түсіндіру, кері байланыс)		
материалды ұсынуда логика мен дәйектіліктің болуы, сабақтың құрылымдық кезеңдері арасындағы ауысулардың байланыстылығы (ұйымдастырушылық бөлім, негізгі бөлім, қорытынды және т. б.)		
әртүрлі акпарат көздеріне (негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінен), соның ішінде академия кітапханасында бар мерзімді басылымдарға жүгіну		
Баллдар жиынтығы:		
Ашық сабақты өткізу әдістемесі:		7
оқыту әдістерінің сабақтың мақсатына, қалыптастырылатын құзыреттерге, оқыту нәтижелеріне сәйкестігі		
авторлық әдістерді, инновациялық әдістерді қолдану		
проблемалық дәріс жүргізу, дәріс сабағына белсенді әдістерді енгізу		
сабақтарда білім алушылардың белсенділігін ынталандыру әдістерін қолдану, білім алушылардың қызмет түрлерін кезектестіру		
ақпараттық технологияларды қолдану (сабақта бейне, аудиожазбалар, презентациялар, интерактивті ресурстарды пайдалану)		
ақпаратты бекіту әдістері мен тәсілдерді қолдану		
оқытудың нәтижелерін бақылау мен бағалаудың тиімді әдістерін қолдану		
Баллдар жиынтығы:		
Сабақта оқытушы қызметінің тиімділігі:		7
сабақ жоспарының дәл орындалуы		
сабақ кезеңдерінің хронометражын дәл ұстануы		
сабақты жоспарлауға және жүргізуге шығармашылық көзқарастың болуы		
мұғалімнің сабақтың мақсатына айқын қол жеткізуі, сабақтың міндеттерін орындауы		
диалог құру, кері байланысқа жауап беруі		
студенттердің дайындық деңгейін, олардың жеке ерекшеліктерін есепке алуы		
әдістемелік материалды еркін меңгеруі		
Баллдар жиынтығы :		
Студенттердің сабақтағы іс-әрекеті:		5

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	26 беттің 20-ші беті
студенттердің танымдық белсенділік дәрежесі, олардың сабаққа деген қызығушылығы		
студенттердің ұйымдастырушылық және тәртіптілік дәрежесі, онлайн-сабақтарды өткізу этикасын сақтауы (ұқыпты сыртқы түрі, қосылған бейне камералармен жұмыс, микрофондарды басқару, кадрда бөгде адамдардың және бөгде дыбыстардың болмауы)		
сабақ кезінде студенттердің өздік жұмысқа қосылуы		
студенттердің күтілетін оқу нәтижелеріне айқын қол жеткізуі, құзыреттердің қалыптасуы		
Баллдар жиынтығы:		
Оқытушының кәсіби деректері:		
пәннің мазмұнын білуі, кәсіби құзыреттілігі		
оқытушының студенттермен қарым-қатынас стилі, студенттермен өзара әрекеттесу қабілеті		
сөйлеу мәдениеті, дикциясы, шешендік өнері		
аудитория алдында еркін ұстай білуі, соның ішінде ауызша емес қарым-қатынас әдістерін тиімді пайдалануы		
жағдайға байланысты сабақ жоспарынан шамалы ауытқуларынан суырылып шығу қабілеті		
әдістемелік ұсыныстарды немесе ашық сабақтың егжей-тегжейлі жоспарын жазу сауаттылығы		
Баллдар жиынтығы:		
Барлық критерийлер бойынша қорытынды балл:		

Педагогикалық рефлексия (ашық сабақ өткізген педагогтың түсініктемелері): _____

Оң жақтары, тәжірибені тарату бойынша ұсыныстар:

Ескертулер, кемшіліктер:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		26 беттің 21-ші беті

Қорытындылар:

1) алдыңғы ашық / байқау сабағының нәтижелері бойынша ескертулер жойылды (жойылмады):

2) қайта ашық сабақ өткізуді ұсыну:

3) тарату үшін сабақты өткізудің келесі әдістерін, тәсілдерін, нысандарын ұсыну:

4) оқытушының кандидатурасын _____ кафедрасының
_____ бос лауазымына орналасуға
ұсыну (ұсынбау);

5) басқалар

Ұсыныстар:

_____/_____
Қолы Сабаққа қатысқан оқытушының ТАӘ

_____/_____
Қолы Сабаққа қатысқан оқытушының ТАӘ

_____/_____
Қолы Сабаққа қатысқан оқытушының ТАӘ

Күні _____

Қорытындымен
таныстым

_____/_____
Қолы Ашық сабақ өткізген
оқытушының ТАӘ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	26 беттің 22-ші беті

Қосымша 4. Ашық сабаққа қатысу хаттамасының нысаны

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.128-2026 00.00.2026 ж.
		Бет 22 - 1
	<u>Хаттама</u> нормативтік құжаттың түрі	

Ашық сабаққа қатысу ХАТТАМАСЫ

Алматы қ.

00.00.2026 ж.

Пәннің атауы _____

Оқытушының Т.А.Ә _____

Факультет _____

Кафедра _____

Уақыты _____ Аудитория _____

Сабақтың тақырыбы: _____

Қатысқандар: _____

1. _____

Т.А.Ә. лауазымы, ғылыми дәрежесі

2. _____

Т.А.Ә. лауазымы, ғылыми дәрежесі

Тыңдалды:

1. _____

2. _____

Сөз сөйлегендер:

1. _____

2. _____

3. _____

Қорытынды:

1. _____

2. _____

Шешім:

1. _____

2. _____

Қатысқандар:

Т.А.Ә.

ҚОЛЫ

Т.А.Ә.

ҚОЛЫ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі
		26 беттің 23-ші беті

Қосымша 5. Өзара қатысу журналын толтыру жөніндегі жадынама

Сабақ жүргізетін оқытушының аты-жөні: _____

Сабақ туралы жалпы мәліметтер:

Күні _____

Білім алушылар / білім алушылар туралы мәліметтер (ББ, курс) _____

Пән _____

Сабақ түрі (дәріс / практикалық/семинар / жеке сабақ)

Сабақ тақырыбы _____

Сабақтың мақсаты: _____

Келу мақсаты (тәжірибе алмасу, жас педагогке тәлімгерлік және көмек көрсету, жұмыс тәжірибесімен танысу, оқыту әдістемесімен танысу, өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және т.б.)

Сабақты ұйымдастыру:

оқытушыда сабақ жоспары, силлабус пәні, қажетті оқу материалдарының болуы.

Сабақтың нақты құрылымының және оның элементтерінің дәйектілігінің, олардың уақыт бойынша таралуының болуы (ұйымдастырушылық сәт, негізгі бөлім, Қорытынды бөлім);

Жұмыс нысанының білім алушылармен сабақтың міндеттеріне сәйкестігі (фронтальды / топтық / жеке жұмыс),

Білім алушылардың сабақ процесіне қатысуын ынталандыру;

Материалды игеруді және кері байланысты бақылаудың болуы

Сабақтың мазмұны:

сабақ мазмұнының білім деңгейіне, ғылымның өзекті жетістіктеріне және пән бейіні бойынша шығармашылық практикаға, орындылық қағидатына сәйкестігі;

дидактикалық материалдардың мазмұны мен таңдауы сабақ бойынша оқытудың мақсаты мен жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған;

теорияның практикамен байланысы байқалады (білімнің практикалық маңыздылығын ашу, білімді практикада қолдануға үйрету);

түрлі ақпарат көздеріне (негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінен), оның ішінде академия кітапханасында бар мерзімді басылымдарға жүгіну.

Сабақты өткізу әдістемесі:

педагогтің өз әзірлемелері, авторлық әдістемелері, өзіндік ғылыми зерттеулерінің нәтижелері қолданылады;

оқушылардың назарын жандандыру, белсенділікті ынталандыру, шығармашылық ізденіс әдістері қолданылады;

ТСО және ақпараттық технологияларды сабақ барысында қолдану материалды ұсыну және түсіндіру табиғаттың, қол жетімділіктің, дәйектіліктің психологиялық-педагогикалық принциптеріне негізделген;

оқытудың ауызша, көрнекі, белсенді әдістерін қолдану (оның ішінде мұғалімнің практикалық көрсетілімі) сабақтың мақсатына жетуге бағытталған;

әдістердің шығармашылық қиялын, сыни ойлауын ынталандыруға, білім алушының шығармашылық даралығын ашуға бағытталуы;

оқытудың заманауи инновациялық әдістерін қолдану;

студенттердің сабақтағы белсенділігі, олармен жұмыс істеудегі сараланған тәсіл;

педагог студенттердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне бақылау жүргізу;

мұғалімнің сабақ қорытындысын шығаруы, қорытындылау

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	26 беттің 24-ші беті

мұғалімнің сабақтың максатына жету дәрежесін бағалауы

Оң жақтары, тәжірибені тарату бойынша ұсыныстар:

Ескертулер, кемшіліктер:

Кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар, ұсыныстар:

_____/_____
Қолы Сабаққа қатысқан адамның Т. А. Ә.



Қорытындымен таныстым

_____/_____
Қолы Оқытушының Т. А. Ә.

Күні « ____ » _____ 20 ____ ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.60-2026 30.06.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы		А. Вырахманова
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		К. Халыков
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Г. Әбдірахман
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		А. Кульшанова
Заң бөлімінің басшысы		Г. Сейтбекова
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		А. Молдабаева

